

Докторант Карабалаева Балнур Рахымбаевнаның
«6D041600 – Өнертану» БББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ кескіндемешілері
шығармашылығындағы ұлттық бірегейлік пен мифологиялық сана
(1980–2025 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми
кеңесші Труспекова Халима Хамитовнаның

ПІКІРІ

Карабалаева Балнур Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында жинаған мол педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып докторантураға қабылданды, оқу барысында ол академия ішiлiк және республикалық деңгейдегi көптеген ғылыми-тәжірибелiк iс-шараларға белсендi қатысып отырды. Осыған орай, докторанттың берiлген материалды терең меңгеруiне және елiмiздегi бүгiнгi өнер үдерiстерiн жақсы түсiнуiне байланысты, маған ғылыми жетекшiсi ретiнде жұмыс iстеу жеңiл болды.

Диссертация тақырыбы докторантурада оқу басталған уақыттың алғашқы айларында-ақ айқындалды, ал оның мазмұны мен негiзгi тұжырымдары материалды терең қарастыру барысында өз ретiмен түзетiлiп, қалыптасып, жетiле түстi және бұл әрине негiздi үдерiс болып табылады. Аяқталған нұсқаға елiмiздегi заманауи өнер мәдениетiндегi жаңаруларға байланысты елеулi толықтырулар мен өзгертулер енгiзiлдi. Соның бiрiн мысалға алатын болсақ, қазақ суретшiлерiнiң Қазақстан қалаларының сәулеттiк-кеңiстiктiк ортадағы эстетикалық жаңару iсiне белсендi қатысуын атауға болады.

Әрбiр тараумен жұмыс iстеу әртүрлi гуманитарлық бiлiм салаларынан алынған көлемдi деректердi зерттеудi талап еттi. Тақырып өте кең және таңдалған бағыт пен уақыт шектерiне қатаң сәйкестенудi талап еткендiктен, докторант диссертациялық зерттеудiң методологиясы бойынша үлкен жұмыс атқарды. Нәтижесiнде зерттеудiң пәнаралық әдiсi авторға өз тұжырымдарын толық әрi терең ашуға мүмкiндiк бердi.

Осы орайда Б. Карабалаеваның таңдап алынған тақырыбындағы көрсетiлген материалдардың негiздiлiгi мен зерттелу дәрежесi бүгiнгi уақытқа толықтай жеткiлiктi деп есептеймiн.

Ол қазақ шеберлерiнiң шығармашылығындағы мифтiң орнын ғана зерттеп қойған жоқ (әдетте, бұл бiздiң өнертануымызда негiзiнен фольклормен байланыстырылатын құбылыс), ол суретшiнiң мифологиялық санасын *этникалық мәдениет кодтары* мен олардың елiмiздiң бүгiнгi әлемiндегi орнын шебердiң терең түсiну феноменi ретiнде зерттеудi мақсат еттi. Автор өз мәтiнiнде сүйенетiн кең ауқымды сiлтемелер тiзiмiн диссертациясында келтiредi.

XXI ғасырдағы қазақ суретшiлерiнiң шығармашылығындағы неомифологиялық аспектiлердi диссертант зерттеу жұмысының үшiншi тарау бөлiмдерiнде қарастырады. Ол бұл үдерiстi ғаламдық өзгерiстер дәуiрiндегi ұрпақтар санасының дағдарысымен туындағанын атап өтедi. Бұған дейiн қазақ

қазақ бейнелеу өнері осы тұрғыдан зерттелмегендіктен, бұл материал отандық өнертану ғылымына алғаш рет енгізіліп отыр.

Диссертациямен жұмыс барысында Карабалаева Балнур өзінің ғылыми қызметіне ерекше қызығушылық танытты. Зерттеудің әр бір бөлімін орындауда және кең көлемді материалды зерттеуде оның кәсіби өсуі байқалды. Ол жұмысының нәтижелерін кафедрада мен академия аясында бірнеше рет таныстырып, республикалық және халықаралық конференцияларда баяндама жасады.

Докторант ретінде де, педагог ретінде де Карабалаева Балнурмен көп жылдар бойы таныс болғандықтан, ғылыми жетекші ретінде оның адал, мақсатына жетуге талпынысы мол адам екенін сеніммен айта аламын.

Оның диссертациямен жұмыс істеу барысында ғылыми-педагогикалық жұмысындағы жинақталған мол тәжірибе үлкен көмек болғыны сөзсіз. Сонымен қатар, өз кәсіби қызметінде айтылған барлық пікірлерді тыңдап, оларды назарға алуды шеберлікпен жүзеге асырып отырды. Өзінің диссертациялық жұмысына қатысты барлық ескертулер мен ұсыныстарды мұқият тыңдайды. Дегенмен, ол айтылған сын-ескертпелерді мұқият ой елегінен өткізгеннен кейін ғана және олармен келіссе ғана әрекет етіп шешім қабылдай білді.

Өз жұмысында тәуелсіз әрі адал болуға ұмтылуы — Карабалаеваның басты және құнды қасиеті.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Карабалаева Балнур өзінің диссертациялық жұмысын сәтті аяқтап, ғылыми қызметкер ретінде қалыптасты деп есептеймін, ол 6D041600 - Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толықтай лайықты.

Темирбек Жүргенов атындағы
Қазақ Ұлттық өнер академиясының
профессоры, өнертану кандидаты

Х.Х. Жүсіпова

